



11 шілде, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёвті Өзбекстан Республикасының Президенті сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы дауыс беру қорытындысы елді орнықты дамытуға, оның тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған Өзбекстан Президенті ұстанымының жалпыхалықтық қолдауға ие болғанын айқын көрсетеді деп атап өтті.

Әңгімелесу барысында Президент қазақ-өзбек қатынастарын стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Мемлекеттер басшылары бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты жүзеге асыру мәселелері жөнінде пікір алмасты және алдағы екіжақты іс-шаралар кестесін қарастырды.

БАСҚАРУШЫ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Астана мемлекеттік қызмет хабасы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады.

Кездесу барысында мемлекеттік қызмет саласындағы қазіргі үрдістер мен даму перспективалары талқыланды.

Президент Астана хабы мемлекеттік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша сараптамалық тұрғыда маңызды қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, билік өкілеттіктерін орталықсыздандыру және мемлекеттік органдар қызметіне жобалық әдісті белсенді енгізу арқылы өкімшілік реформаны тиімді жүзеге асыру маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар кездесуде қоғамды одан әрі ұйыстыру, атап айтқанда, заң мен тәртіпті сақтау, кәсібилік және еңбек адамның ролін арттыру секілді күнделікті қаржы қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылды.

Бұдан бөлек, Әлихан Байменов Президентке Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының жұмысы туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ұлттық ойынның елімізде және шетелде одан әрі дәртіпте маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.

ӘРІПТЕСТІК

ҚЫТАЙ САПАРЫ: ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ. ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАР. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Шілденің 6-8-і күндері Пекин қаласында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев бастаған қазақстандық делегация шетелдік инвестицияларды тарту және өзара сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында қытайлық компаниялармен екіжақты кездесулер өткізді.

ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ТӘЖІРІБЕ

Іссапардың алғашқы күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қытайлық «Gepetto» мұнай технологиялары корпорациясының басқарма төрағасы Цзэн Бинь мырзамен кездесті. Кездесуде мұнай-газ саласындағы ынты-

мақтастық мәселелері талқыланды. «Gepetto» компаниясы — мұнай және газ өндіруді ұлғайту бойынша технологиялық ғылыми зерттеулерді және сервистік қызметті жүзеге асыратын қытайлық ірі кәсіпорын. Компания 50-ге жуық патенттелген технологиялар мен ғылыми-техникалық зерттеулер саласында

халықаралық жетістіктерге жеткен.

Быттыр «Gepetto» компаниясының басшылығы облысқа іссапары аясында екіжақты кездесулер өткізіп, тиісті зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде Қызылорда қаласында еншілес компания құрған болатын. Осы кездесу сол жұмыстардың жалғасы іспетті. Аймақ басшысы облыс аумағындағы мұнай кеніштерінің табиғи сарқылуына байланысты мұнай өндіру көлемін арттыруда компанияның инновациялық технологиялары мен оң тәжірибесін ескере отырып, жергілікті мұнай компанияларымен бірлескен

жұмыс жүргізуді ұсынды. Нәтижесінде өңірдегі мұнай кен орындарының тиімділігін ұлғайту және өнімділігін арттыру бағытында химиялық реагенттер өндіру, арнайы мамандарды даярлайтын оқу бағдарламаларын құру және әлеуметтік жобалар бағытында бірлескен жұмыстарды жүзеге асыру мақұлданды.

Кездесуде аймақ басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер ететін маңызды жобаларға әкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін жеткізді. Қытайлық тарап өзара әріптестік орнатуға мүдделі екенін растады.

ШЫНЫ ӨНДІРІСІНІҢ ӨРКЕНІ

Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында облыс әкімі Н.Нәлібаев «China Glass Holdings LTD» компаниясының президенті Лю Гуо мырзамен кездесті.

Кездесуде быттыр қазан айында Қызылорда облысында іске қосылған еліміздегі алғашқы шыны зауытының жұмысы талқыланды. Қуаттылығы 197,1 мың тонна шыны өндіретін кәсіпорын іске қосылғаннан бері 102 мың тонна шыны өндіріп, оны Қазақстанның барлық өңірлері мен Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанға жеткізуде.

2-бет

ӨНІР ӨНІМІ

ЧИПСТІҢ ОРНЫН АЛМАСТЫРАТЫН ӨНІМ

Қызылордалық кәсіпкер Самал Смаилова «Eco Green» бренді аясында экоөнім өндірісіне ден қойды. Оның ішінде дайын таңғы ас, жемісті чипс, пастилалар тұтынушы қолына тиіп үлгерді.

Бизнесті бастамас бұрын Самал жергілікті тұтыну нарығына тапсаңаған. — Айналдырған 3 айда инстаграмның ғана көмегі пайдаландық. Жазылушы аз болғанымен бір клиент жүрген жерінде айтып, ондаған клиент әкелетін болды. Бәрімен сөйлесе келе көзімнің жеткені, қызылордалықтар ғана емес, жалпы адамдар қазір өз денсаулығына бейжай қарамайды. Сондықтан көбі дұрыс тамақтануды таңдаған, — деді ол.

Кәсіпкер жақында «Бір ауыл — бір өнім» көрмесіне қатысқан.



«Қызылордадан да осындай шығарма» деп таңғалыпты көргендер. Иә, әзірге облыс орталығында ғана



шығып жатыр. Енді өңірге, сосын ел аумағына тарату ойда бар.

Өнімнің негізі — сулы жарма-сы. Сонымен қатар микро-макро элементтерге бай жанғақ, дәндер қосылды. Алдағы уақытта өнім түрлілігі артады. Мюсли таңғы асын,

арпа-бидай, күріштен өнім шығармақ.

— Экоөнім, аты айтып тұрғандай, таза, қоспасыз. Құрамында қант, маргарин май, қосытқыш жоқ. Чипстерді жана-зеландиялық құрылғымен кептіреміз. Өйткені бұл ел пластикадан, зиянды материалдардан бас тартқан. Пастила тіскебасары жеміс күрішінен жасалып, сол құрылғыда кептіріледі, — деді кәсіпкер.

Барлық бала бас тарта алмайтын чипстің орнын «Eco Green» өнімі ауыстыра алады.

«СБ» ақпарат

КҮН РАЙЫ

ШІЛДЕНІҢ СЫЙЫ

Шілде шыққалы бері күннің ыстығы 40 градустан төмен түскізі келмей, төске өрлеп бара жатыр.

СБ Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Биылғы болжамшылар айдың алғашқы он күні ыстық, дәлірек айтқанда, Қызылорда облысында 40 градустан жоғары деп белгілеп қойған. Сол айтқандары дөп түсті. Ал айдың екінші жартысы күн алтабы басылады. Тек өзге өңірлердегідей жауын-шашын молшылығы болмайды. Оған дейін төзімділігімізді сынайтын кезең өтеді.

Біз расында да төзімділік жағынан әлемде бірінші орын алатын халықпыз-ау. «Шілде» сөзі араб тілінен аударғанда «қырық» деген мағына береді-міс. Бұрын қазақтардың мұсылмандық ұғымдарында «шілдеге түсу» деген болған. Медресе бітіріп, шатырхат алған үздік шәкірттер — дәруіш, сопы, ақындар жер астына түсіп, қырық күн бойы ешкімді көрмей, сөйлемей, тек Алламен ғана үнсіз тілдескен. Мұны қазіргіше медитация деуге болады. Соған төзген қазақпыз. Түркістан маңында, Қарнақ елді мекенінде сол ескі медресенің орнындағы қылуат әлі күнге бар дейді, көргендер.

Әуелде қырық күндік мезгіл ретінде айтылып, кейін отыз күндік ай ретінде қолданылып, қалыптасып кеткен шілдені қазақ «ұлы шілде», «кіші шілде» деп екіге бөледі. Есепшілерінің айтуынша, жаздың ыстығы мен қыстың суығы қырық күндік уақытпен есептеледі. Халық астрономиясында «қырық күн шілде» дейтіні сол.

4-бет



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

КЕНЕМЕН ЕНДІ ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?

Жаздың алғашқы екі айында облыста Конго-Қырым безгегінен үш адам көз жұмды. Осылайша кене жәндігінен келетін кеселдің кесепаты көп болып тұр. Оған қоса жыл басынан бері кене шаққандар медициналық көмекке жүгінген.

СБ Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Сыр өңірі Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошағында орналасқан. Биыл облыс бойынша 106 елді мекен қолайсыз аймақ ретінде белгіленді. Осы мекендерде кенеге қарсы көктемгі өңдеу жұмыстары жоспарлы түрде екі кезеңде жүргізілді. Бұл шара облыстың барлық ауданы мен Қызылорда қаласын қамтыды.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымоваңың айтуынша, жыл басынан бері облыс бойынша Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына 29 күдікті жағдай тіркелген. Олардың арасынан 10-ы

клиникалық-зертханалық және эпидемиологиялық жолмен нақтыланды. Атап айтқанда, Қармақшы, Сырдария аудандары мен облыс орталығында 1, Жанақорғанда 5, Шиеліде 2 дерек анықталды. Науқастармен қарым-қатынаста болған тұрғындардың барлығы 14 күнге медициналық бақылауда ұсталды. Олардың арасынан ешкім денсаулығына шағымданбады.

— Жағдайды күрделі деп бағалаймыз. Кене шаққан азаматтар медициналық көмекке жүгініп, кейбірінің диагнозы

лабораториялық-зертханалық жолмен нақтыланды. Бұл жөнінен биылғы көрсеткіш өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда шамалас болып тұр. Өлім-

жітім жағдайы да кездесті. Мәселен, быттыр 601 адам дәрігерлер қарауында болса, биыл олардың саны 712 адамды құрайды. Быттыр 14 науқастың диагнозы нақтыланса, биыл 4 науқасқа азайған. Жүргізіліп жатқан «Маусым-шілде айларында не себепті кене көбейіп кетті?» деген сауалдың туындап отырғаны рас. Негізінен оған қарсы өңдеу жұмыстары сәуір-мамыр айларында жүргізіледі. Біз жылма-жыл кенеге байланысты қолайсыз елді мекендерді анықтаймыз, оған қарсы өңдеу жасалады. Дегенмен кейбір тұрғындар бұған немқұрайлы қарайды. Түрлі сылтау айтып, кейінге қалдыратындар да жоқ емес, — деді Ә.Әбдіқайымова.

Жыл көлемінде мал ұстайтын жеке азаматтар, шаруашылық құрылымдары міндетті түрде өз қаражаты есебінен өңдеу шараларын жүргізуі тиіс. Тұрғындар арасында оған қатысты түсіндірме жүргізілген. Кенені

табиғаттан жойып жіберу мүмкін емес. Оны тұрғындар да біледі. Ескеретін нәрсе, бұл жәндік өте тез дамиды, көбейеді, қоршаған ортаға тез бейімделеді.

Мамандар бірнеше жылдың динамикасын салыстырып көргенде, аурудың маусым-шілде айларында көп тіркелгенін байқаған, яғни, осы екі айда өршіген. Жыл сайын көктемгі, күзгі эпидемиологиялық маусымда арнайы зоологиялық-паразитологиялық топ құрылып, кененің таралуы, дамуы, түрлік құрамы, жұқпалылығы, яғни жалпы эпизоотологиялық жағдайға зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Биыл Ұлттық сараптама орталығы облыстық филиалының зертханасында 2917 кене сынамасы зерттелген. Мамандар жұқпалылық көрсеткіші (құрамында КҚҒК вирусы бар кененің үлес салмағы) 6,5%-ды құрағанын анықтады.

3-бет



ҚЫТАЙ САПАРЫ: ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ. ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАР. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Шыны зауыты облыстағы құрылыс саласының дамуына тың серпін беріп, ішкі нарықтың 70% және алдағы уақытта Орталық Азия мен Кеден Одағы елдерінде 30% үлесін иеленеді деп күтілуде.

«China Glass Holdings LTD» компаниясының президентімен кездесуде облыс әкімі шыны зауыты айналасында шағын және орта кәсіпкерлік белдеуін құру бағытындағы жұмыстарды талқылады.

Нәтижесінде қытайлық тараппен бірлесіп, қуаттылығы жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірісі жобасын іске асыру бойынша екіжақты меморандумға қол

қойылды. Аймақ басшысы әлемдік нарықта жоғары суранысқа ие заманауи өнім Қызылорда облысының экономикалық дамуына зор септігін тигізетініне сенім білдірді.

Одан бөлек, облыс әкімі шыны зауыты айналасында қосылған құны жоғары түрлі шыны бұйымдары өндірістерін, ультражұқа шыны, автокөлік айналары және т.б. жобаларды жүзеге асыруға барлық мүмкіндіктер бар екенін жеткізді.

Кездесу соңында аймақ басшысы әкімдік тарапынан өзара тиімді байланыстардың маңыздылығын растай отырып, одан әрі бірлесіп жұмыс жасауға, өнеркәсіптік



ынтымақтастықты кеңейтуге ниет білдірді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында облыс әкімі Н.Нәлібаев «Қытай сода өнеркәсібі қауымдастығы» президенті Дин Чаоранмен кездесті.

Қытай сода өнеркәсібі қауымдастығы 1987 жылы құрылған. Қытайдың барлық сода өндірушілерін, ғылыми-зерттеу және жобалау институттарын, жабдық өндірушілерін біріктіретін ұлттық ұйым.

Қазақстан мен Қытай арасындағы жоғары деңгейдегі ынтымақтастық аясында бірқатар ірі индустриялық жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – қытайлық «China Glass Holdings LTD» компаниясының қатысуымен былтыр іске қосылған шыны зауыты.

Зауыт өндірісі үшін негізгі компоненттердің бірі – кальцийленген сода. Осыны ескеріп, шыны зауытына шикізаттың үзіліссіз жеткізілуін қамтамасыз ету және импортты алмастыру мақсатында өңірде кальцийленген сода зауытын салу жоспарланған.

Бүгінде кальцийленген сода шетелдерден импортталуда. Содаға сураныс жылына орта есеппен 300-400 мың тонна, ал 2026

жылға дейін 1 млн тоннаға дейін өседі деп болжануда.

Кездесу барысында облыс әкімі осындай маңызды инвестициялық жобаны жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Мемлекеттік қолдау ретінде ҚР Үкіметі тарапынан инвестициялық келісім-шарт аясында ауқымды жеңілдіктер пакеті ұсынылған. Атап айтқанда, кедендік баж салығынан босату, мемлекеттік заттай гранттар, салық жеңілдіктері, инвестициялық субсидиялар қарастырылған. Сондықтан қолданыстағы заңнама аясында мемлекет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктер мен қолдауларға қол жеткізу шаралары сүйемелденбек.

Мұндай ауқымды әрі маңызды жобаны жүзеге асыруға ниеттенген инвесторға барлық қолайлы жағдай жасалады.

БИЗНЕС ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қытай Халық Республикасына іссапары аясында Нанкин қаласының бизнес қауымдастығы өкілдерімен кездесті.

Іс-шара бизнес, қаржы ұйымдары, венчурлік қорлар және сауда қауымдастықтары инвестицияларын тартудың диалог алаңына айналды.

Аймақ басшысы өңір экономикасының басым секторларындағы инвестициялық мүмкіндіктер, сондай-ақ Қызылордадағы халық-

аралық бизнес үшін қолжетімді мемлекеттік қолдау шаралары туралы баяндама жасады.

– Көріп отырғандарыңыздай, біздің ынтымақтастық алаңы кең. Біз екі өңір арасындағы өзара байланысты арттыруға бағытталған перспективалық жобаларды іске асыруға ниеттіміз. Мемлекет тарапынан инвесторларға преференциялардың ауқымды түрлері ұсынылады, – деді облыс әкімі.

Қызылорда облысының басым салаларының әлеуеті, Орталық Азиядағы ірі экономикамен ынтымақтастықтың перспективалық мүмкіндіктері іс-шараға қатысушылар тарапынан жоғары бағаланды. Шетелдік инвестициялар үшін бәсеке-лестік артықшылықтар ірі компаниялар өкілдерінің ерекше қызығушылығын тудырды.

ЦЗЯНСУ ГУБЕРНАТОРЫМЕН КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысының инвестициялық әлеуетін таныстыру барысында Цзянсу провинциясының губернаторымен келіссөздер жүргізді.

Келіссөздің мақсаты – өңірлер арасындағы экономикалық, іскерлік байланыстарды кеңейту және дамыту, өзара тиімді ынтымақтастық орнату.

Аймақ басшысы облыстың агроөнеркәсіптік кешені, жеңіл өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, оның ішінде шыны, цемент, кальцийленген сода өндірісі, логистика, туризм, мұнай-газ секторы, энергетика және т.б. салалардағы инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды.

Сондай-ақ, инвесторларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау туралы баяндады. Қазіргі уақытта көптеген халықаралық компаниялар өнеркәсіптік кәсіпорындарын оқшаулау алаңы ретінде Қызылорда облысын тандайтынын атап өтті.

Облыс әкімі инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды және меморандумдарға қол қоюға шақырды.

Айта кетейік, іссапар барысын Қытайдың орталық телеарналары ақпараттандырды.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі



СЫР ЖҰРТШЫЛЫҒЫ АСТАНА КҮНІН АТАП ӨТТІ

Астана күні – барша қазақстандықтар үшін мерейлі мереке. Бүгінде еліміздің жүрегі атанған елорда – армандар орындалатын, зор мүмкіндіктерге қол жеткізетін қала.

Қызылордадағы Тұңғыш Президент саябағында еліміздің бас қаласы – Астананың 25 жылдық мерейтойына арналған «Еңсесі биік елорда» атты мерекелік іс-шара өтті. Шараға облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов қатысып, Сыр жұртшылығын мерейлі мерекемен құттықтады.

Астана – бірлік пен берекенің, Отанымыздың толағай табыстарының символы, халқымыз қол жеткізген шексіз

мүмкіндіктердің үлгісі. Алты Алаштың анасы – Сыр өңірі де төрт астананың төрі болған қасиетті мекен.

Игі шараға жиналған қауым Астана қаласы туралы қызықты сұрақтарға жауап беріп, іс-шараға белсене қатысты. Мереке одан әрі концертпен жалғасты.

Айта кетейік, Астана күніне орай қала және барлық ауданда мәдени-көпшілік іс-шаралар мен танымдық кездесулер өткізілді.



БРИФИНГ

КӘСІП АШСАҢЫЗ, ҚОЛДАУ БАР

Өңірде кәсіпкерлікті қолдау бойынша жүйелі жұмыс атқарылуда. Биыл әртүрлі кездерден 23 млрд теңгедей қаржы қарастырылып, 2 мыңға жуық жобаға қаржылай қолдау көрсетілген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Азамат Каюпов айтты.

Аймақта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба жүзеге асырылып, ауыл тұрғындары мен жастардың бастамаларын жеңілдікпен несиелендіру басталды.

– Облыста жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлер саны 37,5

пайызға ұлғайып, 72 685-ке жетті. Саларда жұмыспен қамтылғандар саны да 18 пайызға артты. Бүгінде экономикадағы барлық жұмыспен қамтылғандардың 35 пайызы шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыс істейді, – деді Азамат Каюпов.

ӨРТАРАПТАНДЫРУ

ҚОСПАСЫЗ ЕГІЛГЕН ҚАРБЫЗ

Сыр өңірінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өртараптандыруға өз деңгейінде назар аударылып отыр. Бұл бағытта аудандарда жаңашыл жобалар қолға алынуда. Облыстың оңтүстігінде орналасқан Жаңақорған ауданында көкөніс-бақша дақылдарын егуге көңіл бөлінді.

Биыл ауданда 37 781 гектарға егін егілген. Жалпы 460 шаруашылық құрылымы егін шаруашылығымен айналысады. Жергілікті «АгроСервис» ЖШС 20 гектар жерге қарбыз еккен. Негізінен күріш егетін қожалық төрт жылдан бері өртараптандыру бағытын ұстанып, бақша дақылдарының көлемін ұлғайту жұмыстарын жүргізуде.

– Қарбыздың «Холлар» сортын химиялық қоспасыз, табиғи жолмен ектік. Биыл қожалық гектарына 50 центнерден өнім алды. Оны еліміздің басқа өңірлеріне және көршілес Ресейге экспорттауға мән беріп отыр, – деді «АгроСервис» ЖШС-ның өкілі Ерқұтты Байбосын.

Аудандық ауыл шаруашылығы және

жер қатынастары бөлімінің бас маманы Дәурен Әбибуллаевтың айтуынша, егілген 2000 гектар бақшаның 55 гектары жиналып, әр гектарынан 240 центнерден өнім алынды. Сондай-ақ, күтімге алынған 15 414 гектар ескі жоңышқаның бірінші орымы аяқталып, барлығы 46,7 тонна өнім жиналды. Ал егілген 3 151 гектар күздік бидайды жинау жұмыстары жалғасуда.

Айта кетейік, жалпы облыс бойынша 19,6 мың гектар жерге картоп, көкөніс, бақша дақылдары егілді. Бұған қоса, биыл өртараптандыру бағытында қосымша соя дақылдың егіс көлемі 74, кант құмайы 221 гектарға ұлғайтылды.

«СБ» ақпарат



ҰЛТТЫҚ ҚАҒИПАТ ОРДАҒА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚАРСАҒЫНДА

Әдетте белгілі бір тұлға жайында жазу туралы ойланасын, көкірек сайрап тұрады, қалам алып кірсе бастасаң ой шашырап неден бастарыңды білмей абырап қалады екенсің. Мұндай сөз кәсіби журналист болмағандықтан, мен секілді аға туралы оймақтай ой айтқысы келген қарапайым адамның бойынан табылуы заңды да шығар. Дегенмен, ойлана келе бүгінгі тақырыпқа арқау еткелі отырған ағамыз Өмірзақов Қалдыбек Жанәліұлы туралы ой-пікірімді оның қоян жылы, сонау 1953 жылдың күзінде айдыны Арал өңірінің Ұялы ауылында дүниеге келгенін атап өтуден бастағанды жөн көрдім.



ағамыз келушінің жағдайына еніп, шенділерге «Ау, айналайндар, шаруалардың мәселесін мына жолмен шешсек болмас па еді?!» деп, күрмеуі тоқсан түйінді талай мәселенің оңтайлы шешілу жолын билік өкілдеріне көрсетіп, тұрғындарға қамқоршылық жасаған екен. Міне, бұл жерден ағамыздың белгілі Алашорда көсемі Ә.Бөкейханның «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген ұстанымын түйсініп, қарапайым халыққа қолайлы қызмет жасағанын көреміз. Бұл – біз білетін бір ғана тұлға.

Ағамыз туралы сөз саптағанда ол кісінің өмірлік жары, айдыны Аралдың Қарашалаң ауылында дүниеге келген Рахила Зейнуллалқызы туралы айтпай кету дұрыс болмас. Себебі жеңгеміз күн-түн демей жұмыс бабында жүретін ағамыздың шайын дайындап, күтіп отыратын адал жан ғана емес, асыл сөздің шебері, майталман ұстаз әрі ағайын-туыстың ұйтқысы болатын. Ер азаматқа қызмет көрсетудің озық үлгісін осы жеңгеміз қалыптастырғандай көрінеді де тұрады маған. «Күіеуді құрметтеді Рахиладан үйрендік» деген сөзді жеңгеміздің жақын араластатын достарының өз ауыздарынан естігенім бар еді.

Өзіміздің қазақемді былай қойғанда, дастарқаны берекелі жеңгеміздің құрғақ шайы мен қазы-қартасынан дәм татқан, кейіннен өз елдеріне қоныс аударған өзге ұлт өкілдері де еске алып осы күнде тұрған ағамызбен хабарласып тұрып екен. Әрине, отбасы ұйтқысының мұндай қасиеттері ер азаматтың қай жерде де болмасын беделін үстем қылатыны белгілі.

Өтпеген-ай дейтіні жеңгеміз Рахила 2015 жылы 60 жасында дүниеден озды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысы» демекші адал жан, аяулы ана, ұлағатты ұстаз еңбегі жайында 2016 жылы жарық көрген «Аққу арман» кітабында толық баяндалған.

Қалдыбек ағамыз бен Рахила жеңгеміздің бір ұл, бір қызынан бес немере бар. Ұрпақ жалғастыратын Айбын, Айсултан, Әлихан есімді жігіттер өсіп келеді. Ағамыздың ұлы Еркін өке жолын қуып ҰҚК органдарында абыроймен қызмет етуде, шені подполковник. Қызы Құлаз отбасылы, Алматы қаласында тұрады. Өшпес мұраның өміршеңдік өлшемін жалғастырушы ұрпақ үшін атанаға қызмет кылудан асқан мұрете бе жоқ. Еңбектен бақыт тапқан, ел-жұртына құрметті Қалдыбек Жанәліұлы ағамыз – осындай тұлға.

Қуанғали ДАНАХМЕТ, ҰҚК ОА РКБ Қызылорда облыстық филиалы ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары

АДАЛ ҚЫЗМЕТ АЛҒЫСҚА КЕНЕЛТЕДІ

Қалдыбек аға – ата-дәстүрді дәріптеуді бір сөз естен шығармаған, оны жүзеге асыруда ауыл-аймаққа үлгі, еңбегімен елге өнеге болған қарапайым шаруа Жанәлі атамыз бен Жұма атамның шаңырағында дүниеге келген перзент. Көпбалалы отбасындағы сегіз перзенттің екіншісі, ұлдың үлкені.

Болмысынан осындай жауапты қызметке дайын адамға чекістер ортасына сіңісу аса қиындық екен жоқ, ессесіне білімін, өмірлік тәжірибесін ұштай түсті. МҚК-ҰҚК органдарының қатаң талаптарын орындауда қия басқан жері болған емес. Қашанда қатарының алды болды. Қызмет барысында да, жалпы күнделікті тіршілікте де азамат деген атқа кір келтірмеді. Үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік таңытудан танабды. Нәтижесінде сегіз қырлы, бір сырлы қасиеттері ескеріліп бөлімше, бөлім және басқарма басшысының орынбасары қызметтеріне көтеріліп, полковник әскери шенін алды.

Ол үшін кісіні құстаналаудан аулақтасып, ол дегеніміз – пенделілік пердесінен сығалаған адами болмыстағы қасиеттің бірі ғана.

Орта мектепті бітірген соң Жамбыл технологиялық институтында «Экономист» мамандығы бойынша білім алған Қалдыбек аға 1974-1977 жылдар аралығында «Арал нн» өнімдерін тарату базасында есепші болып еңбек етіп, осы аралықта КСРО Қарулы Күштері қатарында әскери борышын абыроймен өтейді.

Кейіннен Арал аудандық комсомол комитетінде жауапты қызметте жүрген ағамызды білімін, өз ісіне деген жауапкершілігін нем іскерлігін ескере отырып Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жұмысқа шақырады. Бұл салаға ерекше қасиеттерге ие адамдар ғана таңдалатыны көпшілікке белгілі. Қалдыбек ағадағы қорғасындай сабырлық, салмақтылық, қарапайымдылық қағидағандығы адами қасиеттер сала басылығының көзіне бірден іліксе керек. Сөйтіп, КСРО МҚК Минск қаласындағы біржылдық қайта даярлау жоғары курсынан өткен ол 1982 жылдың қантарында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасына (қазіргі департамент) қызметке келеді.

Мектеп қабырғасында оқып жүргеніңіз өзінде үздік білімімен, үлгілі тәртібімен және ынты-жігерімен көзге түсіп, үнемі алдыңғы қатардан табылған ол класс старостасы болған екен.

«Шөкіртсіз ұстаз тұл» демекші, шөкірт тәрбиелеуде де ұстаздық қасиеттерімен көріне білді. Ол қызметке дайындаған мамандар биік белестерден көрініді. Бұл да – ұстаз абыройы.

Ескерлерігі, түрлі лауазымда жүрсе де «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қанатты сөзді есінен бір сөз шығарған емес. Ұстамдылықтың ұлы қасиет екенін жастайынан жадында қалдырған чекіст қарауындағы қызметкерлерге не болмаса қызмет барысында алдына келгендерге ешқашан дауыс көтермейтін. Ессесіне әрбір адамның мінез ерекшелігіне қарай өңгіме құратын, қажет болса ебін тауары түсіндіруден шаршамайтын. Әңгімелесе бастаса әрбір сөзіне өмірлік мысалдары дайын тұратын. Өзгеше айтқанда жұбатылысынан ұстаздық қасиет бойынан жарасым тапқан дара тұлға.

«Таулардың биіктігі байқалмайды, жүрген соң баурайында күнде көріп» демекші, көпшілігіміз жанымызда жүрген осындай тау тұлға азаматтарды байқамайтынмыз анық.

«Жайдары жақсыменен дос болсаңыз, әр сөзі мың ділғаға татығандай» демекші, ағайды қашан да игі жақсылардың қасынан көреміз. Ол – көпшілі, ағайыншыл, туысшыл. Достарынан қашан да жайдары мінезімен тартып тұратын ерекше қасиет иесі. Атқарған қызметінен бөлек, ағайын-туыстың, бауырларының қамқоршысы, адал дос, әріптес-ұстаз, сонымен қатар үлкендерге бауырмал іні.

Қазіргі ақпарат тасқындаған заманда «ҰҚК органдарының қызметкерлері өйтті, бүйтті, сондай теріс әрекеттер жасады» дегенді есітіп жататынымыз жасырын емес. Менің парасат-пайымымда мұндай теріс әрекеттерге бару былай тұрсын, егер жоғарыдан халықтың мүддесіне қайшы келетін бұйрық болғанның өзінде оны орындаудан бірінші болып бас тартатын осы Қалдыбек аға болар еді. Себебі ол кісінің туабітті болмысы, жаратылысы хәм қанмен келген қасиеті солай. Ессесіне, қайтем халыққа пайдам тиеді деген ой көзқарасынан менмұндай тұрады. Осы орайда естіген оқиғаны мысал ретінде айта кетейін.

Тағдыр айдап, бір жылдары Қалдыбек аға бес жыл басшылық жасаған МҚК (кейіннен ҰҚК) облыстық басқармасының Арал аудандық бөлімшесінде кейіннен мен де қызмет жасайды. Сол кездері естігенім, билік өкілдерінің түрлі әрекеттерінен қысым көрген шаруа адамдар ағайдан қорған іздеп келетін көрінеді. Сонда

ЖАДЫМЫЗДА ЖҮРЕТІН АРДАҚТЫ АҒА

Майдан Түйімбетов ағамыздың фәни жалғандағы дәм-тұзы бітіп, бақи дүниесіне аттаныпты. Біз ағамызды жақсы білетіміз. Оның пешенесіне жазылған тағдыры оңай болған жоқ. Мүмкін жамынштан, мүмкін өз шешімінен, ағамыз жалғыздық жолын бастан кешіп, сыңарсыз, өзгеше қалпымен өмірден өтті.



Бірақ рухани байлығы мол адам еді. Қаламын қолынан тастамай, үнемі ізденіспен еңбектеніп, өзінің сүйікті ісімен, өлкетанушылықпен, зерттеушілікпен айналысты. Сонымен жалғызсырамаған болар, сонымен жаны рахатқа бөленген болар.

Майдан ағамыз шежіреге, естеліктерге, тарихи мол мағлұматтарға толы қызықты әңгімелерін тыңдаудан жалықпайтынбыз. Ағамыз үлкен еңбек сіңірген дүниесі іргелі тайпалық құрылымның бірегейі Жетірудің, оның ішінде Керейт руының шежіресін жазып, жарыққа шығаруы болды. Осы еңбектің жарыққа шығуына қолдау көрсетіп, ағаға жан-жақты жағдай жасағанымызды ризашылықпен айтамыз.

Майдан аға Сыр өңірінде өмір сүрген дін мен ілімнің айтулы өкілдері, ел тұтқасы

атанған би-батырлардың мол рухани мұраларын жинақтаумен айналысты. Әсіресе, Сыр өңіріндегі софьлық ілімнің көрнекті өкілдері – Ер Баһауддин, Мүсірәлі софь әзіз, Рабиға (Рабийя) ана секілді әулие-әмбиелердің қоғам өмірінде алған орны, елге сіңірген еңбектері, кейінге қалдырған өсиеттері және сол ардақтылар туралы ел ішінде сақталған аңыз-әңгімелерге баса назар аударды. Тек Сыр бойын ғана емес, Қазақстанның бар аймағын, Орта Азияны аралап, деректер жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа

жеткізуде зор еңбек сіңірді. Ел құрметіне бөленген дуалы ауыз билер, халқына қапысыз қорған болған батырлар жайында мол деректер жиналды. Майдан Шәдіұлының қаламынан шыққан өлке тарихына қатысты көптеген мақалалары республикалық мерзімді баспасөзде жарияланды.

Сөйткен Майдан аға сексен жасқа толған шағында қайтпас сапарға аттанды. Өзі қалыптастырған өз әлемінде өмірден өтті. Артында өз зерттеулерінен жазылған өшпес рухани мұрасы қалды. Көзкөрген замандастары, ағайын-туыстары, жақын тұтқан біздей інілері ағамызды есімізге сақтап, есімін ілтипатпен айтуы парызмыз деп білеміз.

Майдан ағамыздың жатқан жері жарық, иманы салмақ болсын. Алла алдынан жарылқап, панасына алсын.

Шәкізат ТӨРЕБАЕВ, «Мүсірәлі Пір Ата» қоғамдық қорының төрағасы, Қылышбай БИСЕНОВ, «Ақмешіт шапағаты» қоғамдық қорының төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор

ШЕЖІРЕДЕН СЫР ШЕРТКЕН АЗАМАТ

Алаштың анасы – Сыр топырағында дүниеге келіп, ел, ру тарихын зерттеп, ұмытыла бастаған шежірелік дәстүрді зерттеп, орасан зор еңбек сіңіріп, артында өшпес мұра қалдырған құрдалым Майдан Шәдіұлы Түйімбетов 2023 жылдың 7 шілдесінде дүниеден өтті. Майдан туралы, оның азаматтық болмысы, елге сіңірген еңбегі туралы лебіз білдіру азаматтық парызым деп білемін.



Түйімбетов Майдан Шәдіұлы 1943 жылы 27 мамырда Қармақшы ауданы Төрткүл ауылының кеңесіне қарасты Энгельс ауылында дүниеге келген. 1957 жылы ауылдағы жеті-жылдықты бітіргеннен кейін Қазалы қаласындағы мaldәрігерлік техникумына қабылданды. 1961-1970 жылдар аралығында мамандығы бойынша мал дәрігері қызметін атқарған.

1970 жылдан 1993 жылға дейін Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал совхозында егін шаруашылығы саласында қызмет еткен. 1993 жылдан шығармашылықпен айналысып ел тарихын, еліне еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың, әулие-әмбиелердің тарихын зерттеумен айналыса бастайды. Өзінің айтуынша 1990 жылдары әкесі Шауы тісіне еніп, «балам шежіремен айналыс» деп аян берген екен.

Майдан бауырымыз 2004 жылы шежіренің қолжазбасын аяқтады. Оны баспаға дайындау, сарптау, бір жүйеге келтіру жұмыстары да өте ауқымды болатын.

Жасыратыны жоқ, оның жалғыз өзі бүткіл Орта Азияны, Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап жинаған еңбегін бағаламай, «барлық материалдарды бізге бер, өз атымыздан шығарамыз» деген бауырларымыз да болды. Ондай ұсынғысы Майдан қайдан кенісін?! Өзі шығарғанын десе қаражатты жетпей, дайын шежіре бір жылдай тұрды. Осы кезде Қылышбай Бисенов ініміз азаматтық танытып, деуішілік жасады. Қызылорда қаласынан Майданға пәтер жалдап, қасына компьютерді білетін хатшы бекітіп, шежірені баспаға дайындады. Шежіре 2006 жылы Қызылорда қаласындағы «Тұмар» баспасынан 5000 дана болып шықты. Кітап Қызылорда, Шымкент, Алматы, Қоқшетау өңіріне таратылды. Ата тек, рудың шежіресі, тарихы жазылған өте құнды еңбек жарық көрді. Бүкіл ағайын Майдандай азаматтың еңбегіне жоғары баға беріп, ризашылықтарын білдірді.

Қазақта «Жақсының аты, ғалымның хаты қалады» деген сөз бар. Иә, Майданның тарихта аты да, хаты да қалды. Жазған кітабы – ұрпақтар үшін өшпес мұра.

Бұл шежіре ағайындық, туыстық қатынастардың нығайтуына оң әсер етті. Майдан бауырымыз 8 шілде күні өзінің өскен ортасы, сыйласқан халқы, жан-жақтағы бауырлары ақ жұпын арулап ақтық сапарына, мәңгілік мекеніне шығарып салыпты. Көзінің тірісінде өз-өзіне «Жетіру Керейт шежіресі» ескерткіш қойған азамат еді. Есімі өзі сүйген ел жүрегінде сақталса керек. Бақұл бол, бауырым! Бақылық өмірінде жайын жәннатта болсын!

Тұрмағамбет АСАНОВ, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Қызылорда облысының Құрметті ардагері, Алматы қаласындағы Керейт қауымдастығының «Ақсауыт» қоғамдық қорының президенті

М.Түйімбетовтың көп жыл халық арасынан жинап, белгілі бір жүйеге түсіріп, қалың оқырманға жол тартқан «Жетіру Керейт» шежіресі жас буынның бойында ұлтжандылық, дәстүрге, тілге, тарихи тұлғаларға құрмет сезімдерін қалыптастыруға негіз қалады.

Тарихта есімі қалған әулиелер туралы мақалалары республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жарық көрді. Солардың ішінде Рабиға (Рабийя) ана туралы, софьлық ілімнің негізін салушылардың бірі Ер Баһауддин Балкерден Нақшбанд туралы, үш жүзге пір болған Жәдікұлы Мүсірәлі софь әзіз пір туралы зерттеулері құнды болатын. Зерттеу мақалалары топтастырылып 2004 жылы Қызылорда қаласындағы «Тұмар» баспасынан «Софьлар әлемі» деген атпен жеке кітап болып шықты.

1996 жылы Сыр өңіріне белгілі азаматтар К.Табынбаев,

С.Далдабаев, К.Бисенов, Ш.Төребаев, Ғ.Байманов, Н.Байқұтов, А.Бапалақовтың ұйымдастыруымен Қызылорда қаласында «Мүсірәлі Баба Софь Әзіз Пір» қоғамдық қоры құрылды. Қордың алға қойған мақсатының бірі Қазақстан Республикасында және тарихи жағдайларға байланысты басқа республикаларда тұратын Керейт руының ұрпақтары туралы мәлімет жинап, толыққанды шежіресін кітап етіп шығару болды. Осы кезде ру тарихын зерттеп жүрген Майдан Түйімбетов шежіре жазу жұмысына тартылды. Қордың материалдық қолдауымен Майдан бір өзі жеті жыл бойы Әзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан мемлекеттерімен қоса Қазақстанның Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Қызылорда облыстарын аралап материал жинады.

Бұрын-соңды көрмеген аймақтарға барып шежіре, тарихи дерек жинау – өте ауқымды шаруа. Майдан осы қиындықтардың бәрін жеңе білді. 1997 жылы Қоқшетау өңіріне сапарлап, Арқа жеріне 1730 жылдары ауып барған Керейт руының Ақбазар, Көшеней ата-бабаларының шежіресін үлкен шежіреге қосты. Дегенмен сол кезде Көкше жерінде тұрып жатқан ағайындардың өздері де хабарсыз болған Тайлақ батыр ұрпақтары еңбей қалған. Қожантаев Қазбек, Бекежанов Досқан сияқты азаматтардың арқасында Тайлақ батыр ұрпақтары Керейт руының 29-шы аталығы болып, энциклопедияның екінші томы «Ұрпағымыз Керейттің» кітабына енді.

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫН

Облыс бойынша ҚАЖД-ға қарасты №68, №77, №80 мекемелерінде жарты жылда атқарылған жұмыстарды қорытындылау үшін жедел кенес отырысы өтті. Басқоспа облыстық ҚАЖ департаменті бастығының орынбасары, әділет полковнигі М.Нәкенов төрағалық етті.

Жиналыста мекеме бастығы мен орынбасарлары 6 айдағы атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша бағамда жасады. Бағамда атақтардың істер, бірақтар кемшіліктер де қозғалды. №68 мекеменің режим және құрылым бөліміне, кезекші бөлімге, тәрбие бөліміне бірақтар сын-ескертпелер мен жеке құрам арасындағы тәрбие жұмысы, кадр бойынша бос орындарды толтыру, әсіресе жеке құрамның арнайы контингентпен қарым-қатынас орнатуға заң тә-

лаптарына сай болуы жағына аса көңіл болу керектігі ескертілді.

№68 мекеметтік мекемесінде 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылғандар қамауда болды. Олар мұндағы шаруашылық бөліміне жіберіледі. Бұл санаттағылар – қылмыстың жеңіл түрін жасаған, алдағы уақытта қылмыс жасамауға ниеттілер. Сотталғандарға арналған 20 орындық бөлімде қазір 17 азамат бар. Олар күнделікті мекеме ауымында тазалық жұмыстарын жүргізу, әкете, сырлау, дәнекерлеу, көгалдандыру сынды еңбек түрімен айналысады. Тіпті асханада бас аспазға ас пісіруге көмектеседі. Ал мекеме асханасы күніне 200 адамды тамақпен қамтамасыз етеді. Бұл еңбектері үшін оларға жалақы төленеді. Шамамен 80 мыңнан асатын аилық жалақының белгісі бір бөлігі сотталғандардың отбасына

беріледі.

Мұнда сотталғандармен ұдайы тәрбие жұмысы жүргізіледі. Психологтар арнайы тренинг откізіп, олардың ойын, көзқарасын тануы ішкі күйін анықтайды, – деді мекеме бастығы К.Пиясов.

Жиын соңында мекеме бастығы жоғарыда көрсетілген сын-ескертпелерді жою бойынша барлық іс-шаралар қабылданынына сенім білдірді.

Басқа мекемелерге де қызмет салалары бойынша бірақтар тапсырмалар берілді. Жиын соңында үш мекеме қызметкерлерінің бірінші жартыжылдықтағы тәртіптің, заңдылықтың және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жай-күйі туралы шолу таныстырылды.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ

КЕНЕМЕН ЕНДІ ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?

Тұрғындар ауруды негізінен кенеден жұқтырады. Ол сәуір-қазан айлары аралығында жиі тіркеледі. Сондай-ақ, жабайы және үй жануарларының ағасында ауру қоздырғыштары кездеседі. Адам оны кене шаққан жағдайда жұқтырады. Мұндай жағдай қанғанда вирус бар малды сойғанда болуы мүмкін.

Оған шалдыққан науқастың дене қызуы кенеттен 39-40 С. градусқа дейін көтеріледі. Басы ауырады, көз қызарып, мойын, арқа, бел ауырады. Лоқсу немесе құсу, іш ауыруы немесе өтуі көрініс беруі ықтимал. Денедің бөртпелер пайда болып, мұрыннан, қызыл иектен, асқазаннан қан кетеді, ине салған орындар қанталайды. Науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбесе, ол өлім жағдайына өкеліп соқтырады, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.



Облыс өкімі аппараты жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының мәліметі бойынша биыл Қонго-Қырым геморрагиялық қызбасының қоздырғыштары – кенеден қалайсыз елді мекендерге көктемгі және күзгі залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Мемлекеттік сауып алу конкурсы нәтижесінде 4 мердігер мекеме жеңімпаз болып танылды.

– Нәтижесінде олармен 200,2 млн теңгеге келісім-шарт жасалған. Аралда 18, Қазалыда 13, Қармақшыда 11, Жала-

ғашта 12, Сырдарияда 9, Шиеліде 17, Жаңақорғанда 15, Қызылорда қаласына қарасты 11 елді мекен залалсыздандырылған. Кенеге қарсы шаралармен 196 мыңнан астам ірі қара, 332,8 мың уақ мал, 26,5 мың түйе қамтылған. 2,3 млн шаршы метрді құрайтын 31 993 қора, суат-шандықтарға көктемгі залалсыздандыру жасалды. Облыстық ветеринария басқармасының ұсынысымен оған «Креолин Х» ерітіндісі қолданылған. Көктемгі залалсыздандыру жұмыстары Ұлттық сараптама орталығы облыс бойынша филиалымен келісіліп, бекітілген кестеге сәйкес биылғы 11 сәуір мен 13 маусым

